

Жеңіл дистилляттарды және өнімдерді, керосинді, газойлдарды және өзге мұнай өнімдерін әкетуге уақытша тыйым салуды енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 10 желтоқсандағы № 195 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 29 желтоқсандағы № 10037 тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз

Қазақстан Республикасының «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңының 18 бабына және Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шарттың 10 бөлімінің 7 Қосымшасына сәйкес, мұнай өнімдерінің ішкі нарығында мүлдем жетіспеушілікті және бағаның өсуін болдырмау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Кеден Одағының Кеден шекарасынан тыс жерлерге Қазақстан Республикасынан тұрмыстық пеш отынынан басқа жеңіл дистилляттар мен тауарларды (КО СЭҚ ТН коды 2710 12), орташа дистилляттар, керосинді, газойлдарды, дизель отынын (КО СЭҚ ТН коды код ТН ВЭД ТС 2710 19 110 0 – 2710 19 290 0, 2710 19 350 0 – 2710 19 480 0, 2710 20 110 0 – 2710 20 190 0) және басқа мұнай өнімдерін (код ТН ВЭД ТС 2710 20 900 0), әкетуге алты ай мерзімге тыйым салынсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай өнеркәсібін дамыту департаменті хабардар етсін:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетін заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың 1-тармағының орындалуы бойынша бақылауды қамтамасыз ету туралы;

2) «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамын (келісім бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың 1-тармағын іске асыру жөнінде шаралар қабылдау туралы;

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің сыртқы сауда қызметін дамыту департаментін міндетті түрде белгіленген тәртіппен: осы қаулының 1-тармағында көрсетілген тыйым салудың енгізілгендігі туралы Еуразиялық экономикалық комиссиясын;

Еуразиялық экономикалық комиссиясының қарауына осы бұйрықтың 1-тармағында көрсетілген шараларды Кеден одағына қатысушы басқа мемлекеттердің қолдануы туралы ұсыныстар енгізсін.

3. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай өнеркәсібін дамыту департаменті белгіленген заңнама тәртібінде қамтамасыз етсін:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықты мемлекеттік

т і р к е у ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде оның мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықты ресми жариялауға бұқаралық ақпарат құралдарына және «Әділет» ақпараттық құқықтық жүйеге жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында жариялау.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің бірінші вице-министрі Ұ.С. Қарабалинға жүктелсін.

5. Осы қаулы 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Министр

В. Школьник

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы м и н и с т р і

Б. Сұлтанов

2014 жылғы 19 желтоқсан

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ұ л т т ы қ э к о н о м и к а м и н и с т р і

Е. Досаев

2014 жылғы 19 желтоқсан